



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.



ЛАТВИЯНЫҢ NPL РЕТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

Reverta қызметі



I. Латвиядағы қаржы дағдарысы

Parex Banka-ны сауықтыру шаралары

2008 жылғы жаһандық үрдісі банктің өтімділік қаржы дағдарысы АҚШ-та дағдарысын туындатты.

басталып, бүкіл әлемдегі қаржы секторы үшін теңдессіз қиындықтар туғызды. Өтпелі экономикасы бар елдер арасында ең көп зардап шеккендердің бірі Латвия болды, оның ЖІӨ 2009 жылдың үшінші тоқсанында 19%-ға күрт төмендеді. Сонымен қатар, жұмыссыздық деңгейі 2009 жылдың соңына қарай 16%-ға дейін өсті. Бұдан бөлек, дағдарыс қаржы секторының әлсіреуіне, халықтың банк жүйесіне деген сенімінің жоғалуына және, тиісінше, активтер сапасының төмендеуіне әкелді.

Жаһандық дағдарыс Латвияның ең ірі ұлттық банкі - Parex banka-ға да әсер етті. Батыс қаржы институттарының Шығыс Еуропа банктеріне, соның ішінде Parex banka-ға несие беру мен операциялық лимиттерді қысқартуы, сондай-ақ халықтың депозиттерді жаппай алу

Parex banka Латвия банк жүйесінің негізгі қатысушысы ретінде мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындардың депозиттерін сақтаушы және валюта нарығындағы ірі ойыншылардың бірі болғандықтан, үкімет банктің өтімділігін қолдау туралы шешім қабылдады.

Осылайша, 2008 жылғы 10 қарашада мемлекет пен "Latvijas Hipotēku un zemes banka" (Латвияның ипотекалық-жер банкі) Parex banka акционерлері Валерий Каргин және Виктор Красовицкиймен келісімге келіп, Parex banka акцияларының 51%-дық пакетін Латвия ипотекалық-жер банкіне 2 лат (шамамен 4 АҚШ доллары) символдық бағасына сатып алу туралы келісім жасасты.

I. Латвиядағы қаржы дағдарысы

Parex Банка-ны сауықтыру шаралары

2008 жылғы 1 желтоқсанда банктегі жағдайды тұрақтандыру мақсатында Министрлер кабинеті мен Қаржы және капитал нарығы жөніндегі комиссия Parex банка-дан депозиттік қаражат алуға шектеу қою туралы уақытша шара ретінде шешім қабылдады.


Бұдан бөлек, Parex банка-ны одан әрі тұрақтандыру үшін мемлекет банктің капиталына қатысу үлесін арттыру туралы шешім шығарды.

Осыған байланысты, 2008 жылғы 3 желтоқсанда алдыңғы келісімге өзгерістер енгізіліп, оған сәйкес Валерий Каргин мен Виктор Красовицкийге тиесілі қалған акциялар Латвияның мемлекеттік ипотекалық-жер банкіне сатылды.

Осылайша, Parex банка толықтай мемлекеттік меншікке өтті.

Латвия банк секторының жалпы несие портфеліндегі NPL үлесінің динамикасы

Дереккөз: [statista.com](https://www.statista.com)



II. Parex banka-ның қайта құрылымдалуы

2009 жылғы ақпанда Латвия үкіметі Parex banka-ның Латвия ипотекалық-жер банкіне тиесілі акцияларын Мемлекеттік жекешелендіру агенттігіне беру туралы шешім қабылдады. Бұл мемлекеттік инвестицияларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету және банкті кейіннен сату үшін дайындық жүргізу мақсатында жасалды.

Қосымша түрде, 2009 жылы Parex banka капиталының құрылымына Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) қосылды. Ол банктің 25% акциясын 84,2 млн еуроға сатып алып, сондай-ақ 22 млн еуро көлемінде субординацияланған несие бөлді.

2010 жылы банктің қызметінде бірқатар маңызды өзгерістер орын алды. Атап айтқанда,

уставтық капитал 22 млн еуроға ұлғайтылғаннан кейін, банк қайта құрылымдау процесін бастады, оның нәтижесінде екі бөлек заңды тұлға құрылды:

- Citadele banka - Parex banka-ның негізгі активтері осы жаңа банкке берілді;
- Parex banka - мұнда проблемалық активтер шоғырландырылды.

Осылайша, 2010 жылғы 1 тамыздан бастап Parex banka банк қызметін тоқтатып, тек мемлекеттен бөлінген қаржыны қайтару міндетіне шоғырланды.

Бұл мақсатқа жету үшін банктің қызметі несиелерді қайта құрылымдауға, сот арқылы қарыздарды өндіруге және тәркіленген жылжымайтын мүлікті басқаруға бағытталды. Осы мүліктер кейіннен нарықтық тиімді шарттарда қайта сатуға шығарылды.

II. Parex banka-ның қайта құрылымдалуы

Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес, Parex banka-ның жұмыс істеу мерзімі 2017 жылға дейін белгіленді.

2010 жылдың қараша айында Parex banka-ның жарғылық капиталы 7 млн еуроға ұлғайтылды.

Шығарылған акцияларды Жекешелендіру агенттігі сатып алды, бұл мемлекеттің Parex banka-ның негізгі акционері болуына мүмкіндік берді.

Осылайша, жылдың соңына қарай ұйым акционерлерінің құрылымы келесідей қалыптасты:

Барлық Parex banka-ның жинақталған қаржы ағындары қарыздарды өтеуге және мемлекет қаражатын қайтаруға бағытталғандықтан, қайта құрылымдау жоспарында пайда алу қарастырылмаған.

2011 жылғы 28 желтоқсанда Parex banka акционерлерінің жиналысы банк лицензиясынан бас тарту туралы шешімді бекітті және компанияның мәртебесін өзгертуге дайындық жұмыстарын бастауға директорлар кеңесін өкілетті етті.

2010–2011 жж. Parex banka акционерлерінің құрылымы



III. Reverta қызметінің іске қосылуы

2012 жылы бұрынғы банкті қайта ұйымдастыру процесі аяқталып, Parex banka Reverta болып өзгертілді - стресстік активтерді басқаруға маманданған кәсіби компания ретінде.

Ұйымның негізгі қызметі бұрынғысынша несиелерді қайта құрылымдауға, қарыздарды өндіріп алуға, сондай-ақ қарыз алушылардың жылжымайтын мүлкін басқару мен іске асыруға бағытталды.

Reverta-ның Балтық елдеріндегі несие портфелі негізінен жылжымайтын мүлікпен байланысты активтерден тұрды - тұрғын үй, коммерциялық және өндірістік нысандардың түрлі құрылыс кезеңдеріндегі объектілері, оның ішінде көппәтерлі үйлер, кеңселер, коммерциялық орынжайлар және жер учаскелері.

ТМД аймағында Reverta мұнай және газ өндіру мен өңдеу, ауыл шаруашылығы, бөлшек сауда, өндіріс, кеме қатынасы және әуе тасымалы сияқты салаларда қызмет ететін клиенттермен жұмыс істеді.

Компания қызметінің алғашқы жылдары тиімді жұмысына бірқатар сыртқы факторлар кедергі жасады, оның ішінде: Макроэкономикалық жағдай, Жылжымайтын мүлік нарығының құлдырауы, Қарыздарды өндіріп алу саласындағы заңнамалық шектеулер.

Сонымен қатар, Балтық елдері мен ТМД-дағы ұзаққа созылған сот процестері, сондай-ақ кейбір қарыз алушылардың белсенді қарсылығы, оның ішінде қара пиар науқандары, кепілдікке қойылған мүлікті сату процесіне айтарлықтай шектеу қойды.

IV. 2013-2014 жж. Reverta қызметі

Өз есептерінде Reverta Parex banka-дан алынған несиелер бойынша құжаттамадағы мәселелерді, сондай-ақ кепілге қойылған мүлікті бағалаудағы қиындықтарды атап өтті. Қайта бағалау нәтижесінде кейбір активтердің құны бірнеше есе төмендеп, кейбір жағдайларда 70-90%-ға дейін азайды.

Компанияның өзі бірнеше рет мемлекеттік және құқық қорғау органдарына, сондай-ақ қоғамға осы мәселелерді тез арада шешудің маңыздылығы мен шұғылдығын атап көрсету үшін жүгінген. Бұл мемлекеттің және салық төлеушілердің мүддесін қорғауға бағытталған болатын.

2013 жылы Reverta қызметінің тиімділік көрсеткіштері жақсара бастады. Экономиканың тұрақтануы, сондай-ақ компания жүргізген маркетингтік іс-шаралар мен жарнамалық кампаниялар

нәтижесінде 40 млн еуро көлемінде қаражат жинақталды. Бұдан бөлек, осы кезеңде мемлекет кепілдік берген Parex banka-ның 234 млн еуро көлеміндегі синдицирленген несиесі толық өтелді, сондай-ақ 10,6 млн еуро көлемінде пайыздар төленді.

2014 жылы компания жаңа қиындықтарға тап болды - бұл жолы Еуропадағы макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы, әсіресе Ресей-Украина қақтығысы салдарынан. Рубльдің девальвациясы Reverta-ның Ресей мен ТМД-дағы қарыз алушыларының төлем қабілеттілігіне теріс әсер етті.

Қиындықтарға қарамастан, компания Латвиядағы ең күрделі және ірі жылжымайтын мүлік мәмілелерінің бірін - Skonto Sports кешенін 13,8 млн еуроға сату келісімін сәтті аяқтады.

V. 2015-2016 жж. Reverta қызметі

2015 жыл Reverta тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Геосаяси тұрақсыздық Ресей мен ТМД елдеріндегі қарыз алушылардың төлемдерінің күрт төмендеуіне әкелді.

Компанияның жылдық есебіне сәйкес, қарыз алушылар бұл жағдайды өз мүдделеріне пайдаланып, ешқандай негізсіз төлемдерді тоқтатты.

Сонымен қатар, ресейлік және батыстық инвесторлардың Латвияның жылжымайтын мүлік нарығына деген қызығушылығы төмендеді, бұл ірі инвестициялық нысандардың сатылымына теріс әсер етті. Олардың сатылу мерзімінің кешіктірілуі мемлекеттік бюджетке қайтарылуы тиіс қаражаттың жинақталуына да кері ықпал етті.

Қызметтің аяқталу мерзімінің жақындауына байланысты 2015 жылы компания қызметкерлерінің саны екі есе қысқартылды.

2016 жылы Reverta бірнеше ірі инвестициялық жобаларды іске асырды, олардың ішінде: Таллиннде 9 млн еуроға жер учаскесін сату, airBaltic орталық кеңсесінің ғимаратын 6 млн еуроға сату, Мәскеудегі коммерциялық жылжымайтын мүлікті 2,3 млн еуроға сату.

2016 жылғы жылдық есепке сәйкес, Parex banka қайта құрылымдалғаннан бастап 2016 жылдың соңына дейін Reverta бастапқы активтер портфелінің 66%-ын қайтаруды қамтамасыз етті. Нарықтағы активтердің орташа құнсыздануы 50%-ды құрағанын ескерсек, компания бұл нәтижені оң көрсеткіш ретінде бағалады.

VI. Reverta-ның таратылуы


Қайта құрылымдау жоспарын жүзеге асыру мақсатында, ол Reverta қызметін аяқтап, барлық операцияларды 2017 жылдың соңына дейін жабуды көздеген болатын. Осыған байланысты, 2016 жылы компания KPMG Baltics компаниясымен Reverta-ның қалған портфелін сату бойынша консультация алу туралы келісімге қол қойды.

2017 жылдың наурызында, қайта құрылымдау жоспарына

сәйкес, Reverta акционерлерінің құрамынан ЕҚДБ шықты, ал шілде айында таратылу процесі басталды.

Бұдан бөлек, компания өзінің соңғы қызмет жылының ішінде 4,5 мың несие ісінен тұратын соңғы несие портфелін Gelvora компаниясына сатуға келісім жасады. Gelvora - қарыздарды өндіру және несие менеджментімен айналысатын кәсіпорын.

Reverta қызметінің негізгі көрсеткіштері, млн еуро



Мемлекеттік бюджетке қайтарылған қаражат



Каржылық нәтиже



Активтерді басқару және іске асырудан түскен түсімдер



Жылжымайтын мүлік портфелінің қалдығы, саны

Корпоративтік даму департаменті, "Проблемалық несиелер қоры" АҚ»

Ақпарат көздері:
Reverta компаниясының ресми сайты – reverta.lv